

Жазшы
ақымт
және
қаламгер

ӘДЕБИ СЫН
Бесінші кітап

III

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ
Алматы — 1977

Apparatus
Book! Supreme legal
writers be filled
with this term
of infinite of practices
regarding the "Yards"
etc which often goes "out"
and especially when crude
some certain
scarcity
supposition to the Cattlemen
1441 P.M.

ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ СИПАТТАР БІРЛІГІ

Денниң жүзеге асырып, орнықтырган халықтар достығы принциптерін Совет Одағы Коммунистік партиясы табандылықпен іске асырып келеді. Партиямыздың басшылығымен елімізде барлық ұлттар мен халықтар жан-жақты даму жолына түсіп, жедел қарқынмен өсіп, өркендеді.

Социалистік құрылыш барысында совет халықтарының саяси моральдық бірлігі күшейіп, интернационалдық туыстығы нығайды. Лениндік ұлт саясатының арқасында барлық ұлттардың саяси-әлеуметтік, мәдени ортақтастығына берік негіз жасалды.

Елімізде жан-жақты дамып, гүлдене көркейген социалистік қоғам кемелденді, адамдардың мүлде жаңа тарихи бірлестігі — совет халқы пайда болды. Бүгінгі совет халқын құрап отырган ұлттар мен халықтардың рухани бітім-болмысында бұрынды-соңды болып көрмеген жаңа сипат-қасиеттер мол. Мәселен, коммунизм идеясына берілгендей, еңбек пен қоғамдық өмірдегі қажымас қайсарлық, патриотизм мен интернационализм, революциялық оптимизм сияқты қасиеттер — біздің халқымызға бірден-бір тән сипат белгілер.

Күнделікті өмірдегі қоян-қолтық аралас-құраластық, мақсат, көзқарас бірлігі, тарихи ортақтастық, міне, бұлар совет халқының бірлігін, біртұтастығын айқын танытады. Осындай біртұтастық пен бірлестік ұлт мәдениеті мен әдебиетіне жаңаша сипат берді. Ұлттық әдебиеттердің бір-біріне әсері, қарым-қатысы да жаңаша қалыптасқан: «...совет халқы,— Л. И. Брежнев жолдас атап көресткеніндей,— бір мемлекетте, былайша айтқанда, бір шацырақтың астында қоян-қолтық тұрып

жатқан үлттардың жай ғана жиынтығы емес. Біздің адамдардың, олардың қай үлтқа жататының қарамастан, көптеген ортақ белгілері бар, бұл белгілер оларды құрыштай берік біртұтас етіп біріктіріп отыр. Бұл — идеологияның ортақтығы, тарихи тағдырлардың ортақтығы. Бұл әлеуметтік экономикалық өмір жағдайының түбекейлі мұдделер мен мақсаттардың ортақтығы. Бұл үлттық мәдениеттердің әрқайсысының шын мәніндегі асылдарының бәрін өз бойына жинақтайдын советтік социалистік мәдениеттің дамып келе жатқан ортақтығы»¹.

Қазіргі әдебиетіміздің даму процесін терең түсіну үшін Коммунистік партиямыз айқындал берген совет халқы адамдарының жаңа тарихи бірлестігі деген қағиданың мәні айрықша. Өйткені, осылай қараудың өзі адамдарының дүние танымын кеңейтіп, жалпы халықтық, жалпы мемлекеттік мақсат-мұдделерді негұрлым дұрыс түсініп білуге баулитыны даусыз.

Советтік қоғамның ең басты қозғаушы күштерінің бірі туысқандық негізде қалыптасқан халықтар достығы болып саналады. Бұл, сонымен бірге, көп үлтты совет әдебиетінің басты ерекшелігін танытатын құбылыс. Әдебиеттегі интернационалдық сипаттың қалыптасуына совет халқының коммунизм құру жолында бірлесе курес жүргізіп отырғаны, сондай-ақ олардың мәдени құрылым саласындағы күндөлікті тәжірибесі аса зор әсер етеді.

Совет халықтарының әдебиетінде ортақ көркемдік-социалистік реализм әдісі қолданылады. Әдебиеттегі философиялық, эстетикалық және идеялық, көркемдік принциптер де ортақ.

Ал совет әдебиеті мен оның көркем құралы социалистік реализмнің творчестволық принциптеріне негіз болатын — коммунистік идеология мен марксістік-лениндік кезқарас. Совет жазушылары коммунизм идеясына шын берілген, олар әдебиеттегі партиялық принципті көздің қараышындағы қадағалайды. Бұл көпүлтты совет әдебиетінің мызғымас бірлігін танытады.

Өмірді жаңаша түсініп, еңбекті жаңаша бағалау, адамның қоғамдағы орнына деген көзқарастың өзгеруі — осының бәрі тек совет жазушыларына ғана тән

¹ Л. И. Брежnev. КПСС аграрлық саясатының мәселелері және Қазақстаниң тың жерлерін игеру. «Қазақстан» баспасы. А., 1974, 34-бет.

қасиет. Олар өзін ұлы тарихи бірлестік — совет халқының бөлінбес бір бөлшегі санайды. Эрбір жазушының өз тағдыры немесе өз халқының тағдыры бүкіл еліміздің мақсат-мұддесімен тікелей байланысты. Яғни коммунистік қоғам орнату жолындағы күрестен олар ешқандай тайқымақ емес.

Халықтар достығы жөніндегі лениндік принципті берік ұстанған Коммунистік партия совет адамдарын жалпыұлттық мақтаныш рухында тәрбиелеп, отаншылдыққа және социалистік интернационализмге баулуда. Совет жазушылары көп ұлтты халықтар семьясының бір мүшесі болғанын, социалистік Отанымыздың бір перзенті болғанын мақтаныш етеді.

Расул Гамзатовтың: «Орыс ақындары маған Пушкинен Твардовскийге дейінгі Ресейді бүкіл тарихымен, тағдырымен және рухани жан дүниесімен тұтасынан әкеп сыйға тартты. Шевченко мен Рыльский мұн шері мен шаттығы аралас Украинаны, Руставели мен Леонидзе ерлігі мен нәзіктігі қатар жүретін Грузияны берді. Мен сияқты авар ұлына Севанның шүғылалы сәуле сі мен Арапаттың қарлы шындарын тастан кеткен Исаакянға ризамын. Қабардин — Балкарияда болғанымда Қайсын Кулиевтің 'былай деп айтқаны жадымда қалып қойыпты: «Мен саған Эльбрусты да, туған жайлауым Чегемді де беремін». Егер мен бұрын «Менің Дағыстаным» деген болсам, енді бүгін «Менің Ресейім», «Менің Грузиям» деп әбден айта аламын»¹ деп жазуы тегін емес.

Совет жазушыларының шығармаларында біздің адамдарымыздың осындағы өзгеше қасиеттерінің жырлауы табиги заңдылыққа саятын нәрсе. Қандай ұлттың өкілі болмасын олардың әрбір іс-әрекеттерінде жалпы совет халқына ортақ белгілер мол.

Совет әдебиеті бүкіл дүниежүзі тарихында түңгыш рет жүзеге асқан еліміздегі ұлы революциялық өзгерістерді, кемелденген социализмді орнату жолындағы айтулы істерімізді шебер суреттеп отыр. Совет жазушыларының шығармаларындағы басты кейіпкерлер — рухани жан дүниесі жаңаша қалыптасқан, социалистік қоғамның жаңа адамдары. Бұған мысал ретінде Павел Корчагинді, немесе жас гвардияшыларды атасақ та

¹ Расул Гамзатов. И песень моя — страна родная. «Известия», 2 июня, 1972 ж.

жеткілікті. Осылар тәрізді толып жатқан әдеби кейіп-керлердің бәрінің іс-әрекеті, жан-дүниесі, мінез-құлқы бәрімізге бірдей жақын және түсінікті.

Совет әдебиеті — Бүкілодактық, көп ұлтты әдебиет деген қағиданы алғаш ұсынып, жан-жақты дәлелдеп шықкан А. М. Горький болатын. Ол 1934 жылы өткен совет жазушыларының I съезіндегі: «Біздің республика-мызыдағы көп нәсілді, көп ұлтты әдебиет Совет Одағы пролетарларының алдында, бүкіл дүние жүзінің революцияшыл пролетарлары алдында және барлық дос елдер әдебиетшілерінің алдында біртұтас ұйым есебінде өркендеп, өсіп келеді»¹ — деген еді. Горький СССР халықтарының қоян-қолтық араласып, олардың байлығының алмасып жатуын мейлінше қадағалады.

«Егер Одаққа еніп отырған барлық халықтардың әр-қайсысының шығармалары басқа тілдің бәріне ерсілі-қарсылы аударылып отырса құба-құп болған болар еді»².

Осы съезде М. Горькийдің баса назар аударған тағы бір мәселесі мынау еді. Ол орыс совет жазушылары да, СССР-дегі туысқан халықтар казушылары да «тек өз халқына ғана емес, сонымен бірге Советтік Социалистік Республикалар Одағының және автономиялы облыс халықтарына да қызмет етеді» деп жариялаған болатын. Жазушы өзінің шығармасын мейлі барлық халықтарға арнай ма, әлде белгілі бір халық атынан, немесе бірнеше халық атынан сөйлей ме, мәселе онда ғана емес. Егер ол совет әдебиетінің творчестволық принциптерін берік сақтаса, әсіресе, әдебиеттің партиялышығы турасындағы лениндік қағидадан таймаса және де бұған қоса, өз шығармасын бай мазмұнға құра алса, онда оның туындысы, барлық ұлттың түбірлі мақсаты бір болғандықтан, және де біздің өміріміздің осы обьективті заңдылығына орай, СССР-дегі әр алуан халықтың өкілінің бәріне бірдей түсінікті әрі жақын болмақ.

СССР халықтарының әдебиеті өзінің ұлттық түрі жағынан әралуан. Алайда бұл өзгешелік олардың бірлігіне кедергі бола алмайды. Кайта көп ұлтты совет әдебиетінің байлығын паш ететін ерекшелігіміз бұл. Өйткені, совет халқының көркем қазынасына әрбір ұлт әде-

¹ М. Горький. 30 томдық шығармалар жинағы. 27-том. 296-б.

² Сонда. 365—366-беттер.

бисті өзіндік өрнегі мен әшекейіш, дәстүрі мен дағдысын, қысқасы, өзгеде жоқ ерекше қасиетін құйып жатады.

Совет әдебиетінің бірлігі әдеттегі байланыска тән құбылыс емес. Бұл — тарихта бұрын-соңды болып көрмеген, мұлде жаңа бірлік. Мұның түбірі тереңде жатыр. Совет адамдарының әлеуметтік және интернационалдық негізде бұрынғыдан да жақындаса түсіү әдеби шығарманың болмысина айтулы әсерін тигізді. Осындай жағдайда аударманың ауқымы кеңеюмен қатар, әдеби байланыстың барлық түрі жаңаша мәнге не болып, совет адамдарының рухани, мәдени бірлестігінің күесіне айналып отыр.

Көп ұлтты совет әдебиетінің бірлігі жөніндегі Горький идеясын көптеген ұлт мәдениетінің ірі өкілдері жалғастырып әкетті. Бұл мәселеге айрықша мән берген адамның бірі — қазақ елінің кеменгер жазушысы және ғұлама ғалымы Мұхтар Әуезов болатын. «Шығыс әдебиеттеріндегі ұлттық және интернационалдық белгілер» деген кітапта М. Әуезовтің зор еңбегі ерекше бағаланады. Онда: «Белгілі қазақ жазушысы М. Әуезов өзінің 40 және 50 жылдардың басында жазған мақалаларында СССР халықтарының әдебиетіне орыс тілі мен әдебиетінің жемісті ықпалы болғанын айта келіп, советтік шығыс халықтары әдебиеттеріне анализ жасау негізінде Горький дәстүрін дамытты»¹, — деген жолдар бар.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің үлемелі қарқынмен ілгері кетуі де еліміздегі өзге халықтармен жан-жақты қарым-қатыс жасауына байланысты. Орыс халқы және өзге туысқан халықтармен арадағы тығыз байланыс қазақ халқының түбекейлі мақатына орай өсіп, дамыды. Бұл — өмірдің өзі тудырган құбылыс. Мұндай адал дос-тыққа негізделген қарым-қатынассыз Қазақстанда совет дәүірінде болған ұлы өзгеріс — өсулердің бір де бірі іске аспаған болар еді.

Д. А. Қонаев жолдас партиямыздың XXV съезінде сөйлеген сөзінде былай деген еді: «Кол жеткен табыста-рымыздың кездейсоқ емес скепін, бұл — лениндік ұлт саясатының заңды нәтижесі, дүниес жүзіне шын мәніндегі революцияның ұлттық үлгісін көрсеткен, дүниеге ұлы Ленинді берген ұлы орыс халқы бастаған барлық совет

¹ Интернациональное и национальное в литературе Востока. Изд. «Наука», М., 1972, 270-б.

халықтарының жалпы күш-жігері мен ынтымақтастырының жемісі екенін біз терең түсінеміз»¹.

Қазақ совет әдебиеті еліміздегі барлық халықтар әдебиетінің тәжірибесіне сүйене отырып дамып келеді. Оның өсу, өркендеуіне М. Горький, В. Маяковский, Д. Фурманов, Н. Островский, К. Федин, Л. Леонов, М. Шолохов, Н. Тихонов тәрізді талай орыс совет жазушылары әсер етті. Орыстың классикалық және осы заманғы әдебиетінің бай тәжірибесін творчестволық жолмен игере отырып, қазақ әдебиетінің өміршен ерендері қауап бой көтерді.

Әрине, орыс-қазақ әдеби байланысының күшіне түсіне көптеген қазақ жазушыларының орыс әдебиетінің көрнекті өкілдері — жазушы аудармашы, сыншылармен тұрақты байланыс жасап отыруы айрықша әсерін тигізді.

Қазақ әдебиетінің бүгінгі даму процесіне көз салсақ, орыс әдебиетінің ықпалы зор екенін байқамау мүмкін емес. Мұның өзі жеке жазушылардың творчествосын гана жандандырып қоймай, күллі оқырман атауларының эстетикалық көркемдік талғамы мен санасын көтере, байта түсude.

Қазақ оқырмандарының біразы екі тілді бірдей меңгерген. Яғни олар төл жазушыларын өз ана тілінде оқып бір ләzzат алса, орыс жазушыларын түп нұсқасынан оқып, екінші бір рахатқа батады. Орыс тілі мен қазақ тілін қатар пайдаланудың нәтижесінде олардың көркем туындыны бағалаудағы талғамы биіктей түседі. Сөйтіп, оқырмандар талғамы туған әдебиет арқылы және орыс совет әдебиеті мен дүние жүзі әдебиетінің тамаша үлгілері арқылы тәрбиеленіп отыр. Міне, сондықтан да жаңа шығармаларға оқырмандар тарарапынан қойылар талаптың өресі биік. Еліміздегі үлттық әдебиеттің қайсысын алсақ та, оның тамаша үлгілерінің бәрі дерлік орыс тіліне аударылып жатады. Эрбір жазушы орыс тілі арқылы миллиондаған оқырманның талқысына түседі, оның шығармалары тіпті дүниежүзіндегі не бір талғампаз топтың ортасында таразыға тартылып, орасан зор сыннан өтеді. Бұл — көпке танылудың жолы гана емес, сонымен бірге аударылып өзге елге сапар шегестің шығармаға деген талап-талғамның жоғары болуын да мегзейтін меже. Мұндай шығарманың бойында

¹ «Социалистік Қазақстан» газеті, 27—II—1976 жыл.

талғампаз оқырманның ойынан шығатын қасиеттің бәрі болуға керек. Ондай туындылардан біз ұлттық мәдениеттің ең тамаша үлгілерін табуға тиіспіз. Онда ұлттық өзгешелік айрықша танылуымен бірге, интернационалдық әусен болуы керек. Жазушының көтерген мәселеесі бүкіл адамзат қауымын толғандырып, көптің көкейін шықсағана жалын советтік мәнге ие болуы мүмкін. Сонда гана ол дүниежүзілік мәні бар туынды ретінде бағалаады.

Осы айтылғандарды іске асыруда орыс тілінің атқарар қызметі айрықша. Тек осы тіл арқылы гана біз дүниежүзілік мәдениет өлкесіне сапарға шыға аламыз. Тек сол арқылы гана орыс және дүние жүзі мәдениеттің алтын қорына жақындей аламыз. Бұл жерде тағы бір атап айтатын нәрсе — орыс тілі ұлт республикалары өкілдерінің біразына екінші ана тілі есебінде қызмет ететіні. Орыс әдебиетін түпнұсқада оқитындар үшін мүмкіндік мол. Олар дүние жүзі әдебиеттің тамаша туындыларын екі түрлі арна арқылы игеріп жатқандай. Бірі қазақ тіліне аудару арқылы болса, екіншісі орыс тіліндегі баламасы арқылы. Оның үстіне ұлттық шығармалардың көбі орыс тіліне аударылу арқылы көптеген халықтың игілігіне айналады. Сөйтіп, ұлттық әдебиеттің шеңберінің кеңи түсінен жағдай жасалады. Сөйтіп, ұлттық әдебиет сліміздегі халықтардың өзара қарым-қатынасы күшейіп, рухани қазынаның молаюына сенітігі тиеді.

Бір халықтың рухани қазынаны молайтуда Совет Одағындағы басқа халықтардың қаншалықты пайдасы тиіп отырғанын көп ұлтты совет әдебиетінде күнделікті болып жататын қарым-қатынас табиғатынан айқын көруге болады. Социалистік мәденистіміздің алтын корына Янка Купала, Якуб Колас, Максим Танк, П. Тычиня, М. Рыльский, М. Бажан, О. Гончар, А. Корнейчук, А. Упит, В. Лацис, С. Айин, Б. Кербабаев, Айбек, Мирзо Турсун-заде, С. Вургун, С. Чиковані, Г. Леонидзе тәрізді толып жатқан аға буын жазушыларымыздың ұлттық срекшелігі мол шығармалары келіп қосылды. Ал, Ш. Айтматовтың, Р. Фамзатовтың, Э. Межелайтис тің, К. Кулиевтің, Н. Думбадзеңің, В. Быковтың, Д. Күгельтиновтің, Ю. Рытхәудің, Ю. Шесталовтың тамаша туындылары бүкіл Отанымыздың мактапшына айналады.

Көп ұлтты совет әдебиеттің алтын қорына қазак

әдебиетінің қосқан үлесі де аз емес. С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, Б. Майлар, Ж. Жабаев, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ф. Мұсрепов, Ф. Мұстафин, т. б. шығармалары социалистік мәдениетімізді түрлендіре түсуге сеп болған жұлдыздар шоғыры ғой. Қең байтақ еліміздің жер-жеріне Ф. Мұстафиннің, Э. Тәжібаевтың, Э. Нұрпейісовтің, Э. Әлімжановтың, Т. Ахтановтың, О. Сұлейменовтің, Ж. Молдагалиевтің есімдері мәшһүр. Тұған әдебиетіміздің жан-жақты дамығаны сошалық, жұртқа белгілі жазушыларымыз бен ірі-ірі көркем туындылардың өзін санап шығу оңайға түспейді. Бұл тұста біз қазақ әдебиеті қандай-қандай белестерден өтті, нендей тарихи кезеңдерді бастаң кешірді, сол тарихи кезеңдерді басынан кешірген қазақ халқының күресін, рухани жан дүниесін суреттеп бере алды ма деген мәселелерге назар аудармақпзы.

Қазақ жазушыларының шығармаларынан революциядан бұрынғы қазақ аулының кескінін, қазақ кедейлерінің әлеуметтік күресін көреміз. Бұларда кескілескен тап тартысының суреті жасалған. Революция қарсаны, төңкеріс жылдары және қазақ жерінде Совет өкіметінің ориауы, Ұлы Октябрь революциясына қазақ елінің қатысы шындықта сай суреттелген. Мұның бер жағында, бірқылдыру шығармалар Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақ жауынгерлерінің көрсеткен ерлігі, не еліміздегі саяси-әлеуметтік өзгерістерге ариалған. Қай кезде болмасын қазақ жазушылары қоғам өміріндегі елеулі оқиғалардың бір де бірін ескерусіз қалдырған емес. Кейінгі онжылдықта жарық көрген шығармалардың көбі жұмысшылар мен колхозшылар бейнесін жасауға, қазақ интелигенциясының бүгінгі тірлігіне ариалған. Яғни, бұларда біздің замандастарымыздың мінез-құлқы, ішкі жан-дүниесі жан-жақты суреттеледі. Жазушыларымыз Советтік Қазақстанның қазіргі өмірі мен тарихының шекіресін жасай отырып, Бүкілодақтық әдебиетке өзінің елеулі үлесін қосып отыр. Қазақ совет әдебиетінің еңбекші бұқараны отаншылдық әрі интернационалдық рухына тәрбиелеудегі ролі осынысымен айқындалады.

Интернационалдық идеяны түптен жалғап, қазақ пен орыс халқы достығының тарихын тереңцен тартып суреттеудің улгісін біз Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан көреміз. Бұл — өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ортасын тұтасымен алғып сурет-

тейтін, шынайы шындыққа құралған шығарма. Қазақ әдебиетіне тән үлттық ерекшелік атаулының бәрі осы шығармадан табылады. Әсіреле, тіліміздің бейнелеушілік қасиетін, қазақ халқының көркем ой жүйесінің өзгешелігін, дүниетанымын, үлттық психологияны іздегендеге алдымен М. Әуезовтің туындыларына жүргінуіміз тегін емес.

Автор қазақ өміріне тән фактілер мен оқиғаларды өте бір шеберлікпен суреттей келе, оларды жалпы адамзаттық проблемалардың деңгейіне көтереді. Соның нәтижесінде бір ғана елдің ішкі өмірінде болып өткен оқиғалар барлық адамзат қауымын тебірентерлік күйге көшеді. Шығарманың интернационалдық сипаты осыдан-ақ байқалады. Тарихтың үдемелі қарқыны қазіргі әлеуметтік философиялық, эстетикалық көзқараспен, ойлау жүйесімен астасып, көркем көмкеріліп жатады. Мұның бәрі — социалистік реализм әдісін берік тұтынғандықтың айғағы.

Қазақ әдебиетіндегі интернационалдық белгілер үлттық ерекшеліктердің өрісін тарылта алмайды. Қайта, бұл әдебиеттегі үлттық өзгешеліктердің ғарыша дамып, жетіле түсүіне сеп. Социализм дәуірінде әр халықтың мәдениеті мен әдебиетінің үлттық ерекшеліктері жаңаша даму сапасын бастап кешіретінін, соган лайық жаңа мазмұнға ие болатынын естен шығармаудың көрек.

Белгілі әдебиетші, ғалым Г. Ломидзе: «Үлттардың жақындастырылғанда үлттық мәдениеттің мәдениеттегі үлттардың жаңаша даму сапасын бастап кешіретінін, соган лайық жаңа мазмұнға ие болатынын естен шығармаудың көрек.

Совет әдебиетіндегі жаңаша эстетикалық идеал өмірге, еңбекке жаңаша көзқарас — бұлар бұрыннан қалыптасқан көркемдік дәстүрлерді жан-жақты пайдалануға бөріп отыр. Осы заманғы эстетикалық талғамға сай жаңа бейнеслеу тәсілдерін орындауда үлттық мәдениет саласында қол жеткен табыстарымызды ғарыша пайдалану қажет.

Осы тұрғыдан алын қараганда, көркем әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдықты диалектикалық бірліктे қарап, мәдени мұралардың үлттық сипатын дұрыс түсінудің мәні зор.

¹ «Социалистический реализм в литературах народов СССР», М., 1962, стр. 6.

«Өнердің үлттық түрі дегеніміз не өзі? Бұл, ең алдымен,— ана тілі деген сөз. Ғасырлар бойы халықтың ауыз әдебиетінен нәр алып келген өзгеше бір рух және сөйлеу жүйесі деген сөз. Әсіресе, поэзияның әрін кіргізетін үлттық классикалық әдебиет дәстүрі деген сөз. Ең ақырында әрбір үлттық өнердің қайталанбас әрі мен нәрін кіргізіп тұратын психологиялық, эмоциональдық ерекшелік, үлттық мінез өзгешелігі деген сөз. СССР-де өнердің бұл бал бұлағы мен бастау көзінің қанат жаюына жағдай жасалған»,— деп жазған болатын, А. Фадеев¹.

Революциядан бұрынғы қазақ әдебиеті дегенде біз ең алдымен поэзияны ауызға аламыз. Өйткені, бұл кездегі әдебиетіміздің өзіндік сипаты алдымен поэзиялық үлгілер арқылы танылады. Ендеше, қазақ әдебиетіндегі үлттық дәстүрді сөз ету үшін әуелі поэзиялық тіл ерекшеліктері деген мәселеге тоқтап өту жөн сияқты.

Қазақ поэзиясының үлгілерін көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан тексеріп қарағанда нендей нәрсені болын ауыз әдебиетіміздің қолмен ұстап, көзге елестетеңдіей бейнелі сөздерге бай екені анфарылады. Бұрынғы көшпелі тұрмыстың табиғатын айқын байқататын метафора, теңеу, кейіптеу тәрізді поэтикалық құралдар мол. Қазақ елі — көрген-білгенін қолмен қойғандай етіп теңеп, салыстырып бейнелеп айтуға үста халық.

Қоғам өміріндегі кейбір фактілер мен табиғат құбылыштары халық поэзиясында көшпелі тұрмыстың көріністерімен астарласып жатыр. Халық санасында ежелден орнығып, ілесіп келе жатқан, көркем ойының айрықша белгілерін танытатын сол әр алуан кейіптеу, теңеулер қазіргі қазақ әдебиетінің де поэтикалық әjetіне жарап келеді. Дәстүрге, дағдыға айналған әдіс-тәсілдер жаңа өмірдің жағдайын суреттеуде жаңаша рецкке ие болып, әрлене, жасаңғырай түсіп отырғанын есте тұту керек. Сонымен бірге қазіргі әдебиетімізде мұлде жаңа жасалған салыстырулар мен бейнелеу үлгілері де баршылық.

Мазмұны социалистік, түрі үлттық мәдениеттің жасалуы, соның өскелең де өміршеш тұрлерінің ілгері дами түсіі коммунистік жаңа қоғам орнату кезеңіндеған болатын заңды құбылыс.

¹ А. Фадеев. Литература и жизнь, М., 1939, стр. 51.

Біздің еліміздегі туысқан халықтардың өзара ынтымагы жарасқан қарым-қатынасы мәдени мұралардың алмасылуына ғана жағдай жасап қоймайды, бірін-бірі бұрынғыдан гөрі біле түсуге, әрбір халықтың көркем ой-сезім әлемін, көркем өмірін жете тануға септігін тигізеді.

Мәдени байланыстың игі нәтижесін мынадай мысалдан-ақ анық аңғаруға болады. Кейінгі кезде көптеген орыс жазушыларының үлесі мол екенін баса айтуды керек. Атап айтқанда В. Иванов, П. Васильев, Вс. Рождественский, Н. Аннов, И. Шухов, С. Марков, Дм. Снегин секілді елімізге белгілі жазушыларымыздың шығармалары тіллімізге тиек бола алады. Бұлардың туындыларының бағасын арттырып түрғаш басты белгілер жергілікті халықпен қоян-қолтық араласудың нәтижесінде туған. Ұлттық қасиетті терең түсініп, бөлекше бір пәзік түйсікпен толғана білудің нәтижесінде қазақ халқының өмірі бұл суреткерлер туындысында жылы сезіммен сипатталады.

Туысқан халықтардың түрмисы мен мәдени өмірін білу, зерттеу арқылы жазушының дүние танымы кеңе-йіл, ерекше шабытты шакқа кеселеді. Мұндай жазушының санасында тілмен айтып жеткізуге болмайтын сезім-әсерлер пайда болып, жүрек тербетерлік із қалады. Вс. Рождественский бір өлецінде қазақ жерінде Сәбит Мұқановты көргенін, Мұхтар Әуезовпен сұхбатасып әңгімелескенін, Жамбылмен кездескенін «Қызы Жібек» операсын тыңдалап «Гәкку» әнін зор ләззат алғып, соның бәрін жүргегінің түбінде сақтап жүргенін тебірене жыр еткен¹.

Қазір қазақ әдебиетінің шетелдерде де мындаған оқырманы бар. Отан сүйгіштік, интернационалдық рухта суарылған қазақ жазушылары шығармаларында шетелдердегі еңбекші бұқараны ынтықтыра түсетін қасиеттер жестерлік.

Аз ғана мерзім ішінде іргелі елге айналған Социалистік Қазақстанның мәдени революция жасаудағы срең ерлігі мен бай тәжірибесі дүние жүзі адамгершілік азаматтарын таңдай қактырып отыр. Мұны біз қазақ әдебиетіне деген ықыластан байқаймыз. Әсіресе, социалистік елдердің Қазақстан тақырыбына жазылған шығармаларды үзбей аударып отыруы осыған дәлел. Со-

¹ Вс. Рождественский. «Дружба народов» журналы, 1976, № 6.

нымен бірге, жалған фактіні қуалап, шаужайға жармасып жүрген жолбике «жөнсілтеушілері» де бар екенін жасырмаймыз. Олар қазақ әдебиетінің бүгінгі жеткен өресін есепке алғысы келмей, жұртшылық пікірін өзге жолға салғысы келіп өрепкіді.

Мәселен, 1965 ж. Батыс Германияның Висбаден қаласында неміс тілінде шықкан «Түркі философиясының негіздері» деген кітаптың (2-том) қазақ әдебиетіне арналған бөлімінде оны құрастырушылар, бүгінде оқырман алдында ешқандай бедел жоқ, кезінде көртартпа идеяларды уағызыдаған әдебиет өкілдерін халық мұңын жоқтаушы етіп көрсетуге тырысады. 1974 жылы Түркіяда басылған «Ұлттық поэзия антологиясында» да түркітілдес халықтар әдебиеті (әзербайжан, қазақ, татар т. б.) жайында жалған, жаңсақ пікірлер айтылады. Идеялық байламы бөстекі, мазмұны шалағай шығармаларды дәріптеп, керемет туынды есебінде көтермелеп түсіндіргісі келеді.

Коммунизм құру ісінде совет әдебиеті Коммунистік партияның сенімді көмекшісіне айналып отыр. Бұл тұста жазушылар атқарап міндеттер толып жатыр. Олар ең алдымен осы заманғы өміріміздің бітім-тұлғасын жан-жақты суреттеп, совет адамының жан-дүниесін, жан сұлуулығын көрсетуге міндетті.

Л. И. Брежнев СССР-дің 50 жылдығында жасаған баяндамасында былай деп айтқан болатын:

«Ленин белгілеген жолмен елімізді одан әрі дамыту мәселелерін шеше отырып, партия Совет Одағының барлық азаматтарын интернационализм мен Советтік патриотизм рухында үнемі жүйелі және дәйекті тәрбиелеу ісіне үлкен мән береді. Бұл екі үфым біз үшін ажырамас тұтас үфым. Әлбette, еңбекшілерді мұндай қасиеттерге советтік өмірдің өзі, бүкіл болмысымыз баулиды. Ал бұл арада партияның, саяси идеологиялық майданының барлық қызметкерлерінің саналы күш-жігері де қажет. Бұл бағыттағы жұмысымыз коммунизм орнатудың ортақ ісінің маңызды бөлігі»¹.

Совет жазушыларының социалистік интернационализм мен советтік патриотизм принципін қатты ұстануы қажеттігі осыдан — айқын анғарылады. Қөп ұлтты әдебиетіміз идеология қызметкерлерінің алдында тұрған

¹ Л. И. Брежнев. Партия құрылышының актуальды проблемалары туралы. «Қазақстан» баспасы. 1973, 470 бет.

мұндай талап-тілектердің бәріне де жауап берे алуы керек.

Ал біздің әдеби сыйнымыз қазақ совет әдебиетіндегі интернационалдық нышандарды, ұлттық өзгешеліктерді және басқа халықтар әдебиетімен ортақ қасиеттерін ба-рынша түбекейлі зерттеуі тиіс. Әдебиеттегі ұлттық си-патты зерттей отырып, әрбір ұлт әдебиетіндегі өзге халықтарға да ортақ белгілер қайсы деген мәселелер-дің басын ашуы керек.

КПСС XXV съезі совет әдебиеті мен өнерінің тәрбие-лік мәні айрықша екенін атап көрсетті, әдебиет пен өнердің совет халқы жасап ғылыми илgi істерге қанша-лықты қатысы барын, олардың өзара қандай тығыз бай-ланыста екенін ашып көрсетті.

Совет жазушылардың бүкілодактық VI съезі мен Қазақстан жазушыларының VII съезі көп ұлтты совет әдебиетінің мол тәжірибесін жинақтаї келе, кезектегі келелі мәселелерді ортаға салды, оларды лениндік пар-тиямыз көрсетіп берген алдағы мақсат-міндеттер түр-ғысынан қараша жан-жақты талқылайды.

Біздің еліміздің еңбекшілерінің алдында XXV съезд анықтап берген айбынды міндеттер түр. Сол ұлы мін-деттерді іске асыруға жұмылған халқымыздың алдын тұлғасын жасауда әдебиет пен өнеріміз жазушы-ларымыз табыстан табысқа жете беретінінде ешбір күмән жок.